Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігімен Қытай Халық Республикасының Бас кеден басқармасы арасындағы Қазақстан Республикасынан Қытай Халық Республикасына зығыр тұқымдарының экспорттық партияларына қойылатын карантиндік және фитосанитариялық талаптар жөніндегі хаттама

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі –«Қазақстан тарапы») және Қытай Халық Республикасының Бас кеден басқармасы (бұдан әрі – «Қытай тарапы»),

зығыр тұқымын Қазақстаннан Қытайға қауіпсіз тасымалдауды қамтамасыз ету, зиянды организмдердің енуін болдырмау және өсімдіктер саулығын қорғау мақсатында, «Санитариялық және фитосанитариялық шараларды орындау туралы келісімнің», Дүниежүзілік сауда ұйымының қағидаттары негізінде достық келіссөздер жолымен Қазақстаннан Қытайға экспортталатын зығыр тұқымының инспекциясына және карантиніне қойылатын талаптарға қатысты төмендегілер туралы келісті.

1-бап

Қазақстан Республикасының аумағында өсірілген және өңделген зығыр тұқымы немесе тамақ өнімдерін өндеуге арналған зығыр тұқымы (Linum usitatissimum) осы Хаттамада көрсетілген Қазақстандық зығыр тұқымы болып саналады.

2-бап

Қазақстаннан Қытайға экспортталатын зығыр тұқымы Қазақстан мен Қытайдағы фитосанитариялық қауіпсіздікке және тамақ өнімдерінің қауіпсіздігіне қатысты заңдар мен қағидаларға сәйкес келуі тиіс.

3-бап

Қазақстаннан Қытайға экспортталатын зығыр тұқымында аталған хаттаманың Қосымшасында санамаланған Қытай тарапының алаңдаушылығын тудыратын карантиндік зиянды организмдер болмауы

тиіс және тірі жәндіктермен, кенелермен, моллюскалармен, топырақпен, қауырсындармен, қимен, арамшөптердің тұқымдарымен және басқа да өсімдік қалдықтарымен араласпауы тиіс.

4-бап

Қазақстан тарапы зығырды өсіру және сақтау кезеңінде Қытай тарапының алаңдаушылығын тудыратын карантиндік зиянды организмдерге эпифитотиялық тексеру және мониторинг жүргізу үшін зерттеу мен тестілеудің халықаралық танылған әдістерін қабылдауы және Қытай тарапының сұранымы бойынша әдістер мен нәтижелерді қоса алғанда, өндіріс алаңындағы жоғарыда көрсетілген карантиндік зиянды организмдерді зерттеудің есептерін және Қытай тарапы сұратқан басқа да ақпаратты береді.

5-бап

Қазақстаннан Қытайға экспортталатын зығыр тұқымын өндіру, өңдеу және сақтау құралдары жеке болуы және жәндіктерден, егеукұйрықтардан және құстардан қорғау құралдарымен жарақтандырылуы тиіс. Өндіру, өңдеу және сақтау кезеңінде Қытай тарапының алаңдаушылығын тудыратын Anthrenus picturatus, Trogoderma granarium және Trogoderma variabile сияқты зиянкестерге тығыздығы кемінде 100 шаршы метрге бір ұстағыш орнатылуы тиіс. Қытай тарапының талабы бойынша Қазақстан тарапы зиянкестерді аулау туралы жазбамен хаттаманы беруі тиіс.

6-бап

Қазақстандық өндірушілер Қазақстаннан Қытайға экспортталатын зығыр тұқымын өндіру, өңдеу және сақтау кезінде өз өнімдерінің осы Хаттаманың талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс, оларды Қазақстан тарапы тіркеуі, ұсынуы және кепілдік беруі, сондай-ақ инспекция арқылы мақұлдағаннан кейін Қытай тарапы тіркеуі тиіс. Қазақстан тарапы ұсынған компаниялар ақпаратта объектінің атауы, бірегей сәйкестендіру коды, мекенжайы және байланыс ақпараты қамтылуы тиіс.

7-бап

Қазақстаннан Қытайға экспортталатын зығыр тұқымы фитосанитариялық талаптарға жауап беретін таза, гигиеналық, ауа кіретін, жаңа буып-түю материалына буып-түйілуі тиіс. Әрбір орамада қытай немесе ағылшын тілінде «Бұл жүккұжат Қытай Халық Республикасына экспортталады» деген анық ақпарат, зығыр тұқымының шыққан жері, өндіруші компания мен экспорттаушының атауы мен мекенжайы қамтылуы тиіс. Жоғарыда көрсетілген ақпарат орамаға затбелгі түрінде жапсырылуы мүмкін.

Егер, Қазақстаннан Қытайға экспортталатын зығыр тұқымы үйіп тасымалданатын болса, арнайы контейнерлерді немесе астық тасымалдайтын арнайыкөлік құралдарын пайдаланған жөн.

8-бап

Қазақстаннан зығыр тұқымын Қытайға экспорттау алдында Қытайдың алаңдаушылығын тудыратын карантиндік зиянкестер мен өзге де тірі жәндіктерді жою үшін карантиндік өңдеу жүргізген жөн. Карантиндік өңдеу әдістерін (химиялық заттар, температура, уақыт және басқа да техникалық талаптар) екі Тарап растайды және олар фитосанитариялық сертификатта көрсетіледі.

9-бап

Қазақстаннан Қытайға экспортталатын зығыр тұқымын тиеп-жөнелту алдында арамшөп тұқымдарының, тірі жәндіктердің, басқа да дәнді қоспалардың, өсімдік қалдықтарының, топырақтың және басқа да карантиндік зиянкестердің, карантиндік объектілердің немесе бөгде заттардың түсуін болдырмау үшін тиеу жабдығын мұқият тексеру қажет.

10-бап

Қазақстаннан зығыр тұқымын Қытайға экспорттаудан бұрын Қазақстан тарапы инспекция мен карантин жүргізуі, зығыр тұқымының әрбір партиясы үшін хаттаманың талаптарына сәйкес келетін және зығыр тұқымының сорты мен оның шикізатын өндіру ауданы қамтылған фитосанитариялық сертификат беруі, сондай-ақ қосымша ақпарат бағанасында ағылшын және қытай тілдерінде: «Осы фитосанитариялық

сертификатпен сүйемелденетін зығыр тұқымы Пекин қаласында 2019 жылғы 11 қыркүйекте қол қойылған Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Бас кеден басқармасы арасындағы Қазақстан Республикасынан Қытай Халық Республикасына зығыр тұқымдарының экспорттық партияларына қойылатын карантиндік және фитосанитариялық талаптар жөніндегі хаттаманың талаптарына сәйкес келеді.» деген ақпаратты көрсетуі тиіс. Фитосанитариялық сертификат нысанын екі тарап алдын ала растауы тиіс.

11-бап

Қазақстаннан Қытайға экспортталатын зығыр тұқымына келген соң Қытайдың өткізу пунктінде Қытайдың карантиндік бақылауы карантин мен инспекция жүргізеді.

12-бап

Қазақстан тарапы Қытай тарапын Қазақстандағы зығыр мен зығыр тұқымының жаңа зиянкестері туралы, сондай-ақ профилактика мен бақылау жөнінде қабылданған шаралар туралы дереу жазбаша нысанда хабардар етуі тиіс.

Қазақстанда зығыр мен зығыр тұқымының жаңа зиянкестерінің пайда болуы жағдайына сәйкес Қытай тарапы тәуекелдерге одан әрі бағалау жүргізеді, мақсатты фитосанитариялық шаралар қабылдайды және Хаттамаға шолу жүргізеді.

13-бап

Қытай тарапы Қазақстан тарапын карантиндік проблемалар мен Өсімдіктерді қорғау туралы халықаралық конвенцияның қағидаттарына сәйкес Қазақстаннан Қытайға экспортталатын зығыр тұқымына қатысты қабылданатын фитосанитариялық шаралар туралы хабардар етуі тиіс.

14-бап

Қытай тарапы хаттамаға қол қойылған сәттен бастап сауданың бастапқы 12 айына дейін зиянды организмдердің бар-жоғына зерттеп-қарау жүргізу және алдын-ала инспекциялау үшін Қазақстанға инспекторларын жіберуі тиіс. Егер карантиндік зиянды организмдер

импорт кезінде анықталса, мұндай зерттеп-қарау немесе алдын-ала инспекциялау қайта жүргізілуі мүмкін. Зерттеп-қарауға және алдын-ала инспекциялауға арналған шығыстарды Қазақстандық экспорттаушылар төлеуі тиіс. Қазақстандық тарап шақырту беруге және жұмыс графигін құруға көмек көрсетуге және инспекцияны сүйемелдеуге жауапты болады.

15-бап

Осы Хаттаманы түсіндіру мен қолданудағы айырмашылықтар консультациялар арқылы достық жолмен шешілуі тиіс.

16-бап

Қос тарап осы Хаттама әрбір елдің заңдары мен қағидаларына кедергі келтірмейтініне және оларға әсер етпейтініне келіседі.

17-бап

Осы Хаттама қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және 3 жыл бойы жарамды болады. Егер,бір тарап екінші тарапты қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін екі (2) ай бұрын осы хаттаманы тоқтату ниеті туралы жазбаша хабардар етпесе, Хаттама келесі үш жылға автоматты түрде ұзартылатын болады. Бұл Хаттама Тараптардың өзара келісімі бойынша өзгертілуі мүмкін.

Осы Хаттама 2019 жылғы 11 қыркүйекте Пекин қаласында қазақ, қытай, орыс және ағылшын тілдерінде жасалды, барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Хаттаманың мәтіндері арасында алшақтықтар болған жағдайда, ағылшын тіліндегі мәтін басым күшке ие болады.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі
үшін

Қытай Халық Республикасы
Бас кеден басқармасы
үшін

Қосымша:

Қытай тарапы баса назар аударатын карантиндік зиянды организмдердің тізімі:

1.Myeosphaerella linicola
2.Discosphaerina fulvida
3.Verticillium dahliae
4.Ditylenchus dipsaci
5.Anthrenus picturatus
6.Trogoderma granarium
7.Trogoderma variabile
8.Cuscuta capestris
9.Xanthium spp.(non-Chinese species)
10.Centaurea repens
11.Xanthium spinosum
12.Cuscuta monogyna
13.Sorghum halepense (Johnsongrass and its cross breeds)
14.Avena ludoviciana
15.Iva xanthifolia
16.Aegilops tauschii
17.Aegilops cylindrica
18.Caucalis latifolia
19.Cuscuta australis
20.Scandix pectenveneris
21.Lactuca virosa